ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ
Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім
2015 ж. III тоқсан

МАЗМҰНЫ

I. Негізгі даму үрдістері (3-бет)

II. Дайын өнімге сұраныс серпіні (4-бет)

III. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (5-бет)

IV. Өндіріс көлемінің өзгеруі (6-бет)

V. Баланс құрылымы: активтер (7-бет)

VI. Баланс құрылымы: пассивтер (8-бет)

VII. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (10-бет)

VIII. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (12-бет)

IX. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (15-бет)

X. Композиттік индикатор (16-бет)

XI. Әдіснамалық түсініктеме (17-бет)

ҚР НАҚТЫ СЕКТОРЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

2015 жылғы 3-тоқсанда 2015 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда дайын өнімге сұраныстың төмендеу қарқынының жеделдеуін көрсететін кредиттік, іскерлік және инвестициялық белсенділіктің нашарлауына байланысты теріс процестердің кейбір сақталынуы, кредиттеу талаптарының нашарлауы және теңгемен кредиттер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелердің сақталуы байқалды. Шығынды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі өңдеу саласындағы сату рентабельділігінің кейбір ұлғаюына байланысты орташа алғанда нақты сектор бойынша төмендеді. Сонымен қатар, кәсіпорындар шығарылатын өнімге сұраныстың күтулі төмендеуіне байланысты 2015 жылғы 4-тоқсанында теріс үрдістің сақталынуын күтеді.

Нақты сектордағы негізгі үрдістер

Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың және бағаның конъюнктурасы

Дайын өнімге сұраныстың төмендеуі жалғасты ↓

Шикізат пен материалдар бағасы өсу аясында ↓

Кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жай-күйін бағалау

Өтімділігі төмен кәсіпорындардың үлесі өсті ↓

Сатудың рентабельділігі төмендеді ↓

Банк жүйесінің ықпалы

Кредит беруден бас тартылған кәсіпорындардың үлесі өсті ↑

Негізгі және айналым қаражатын несиелендірудің бағалық және бағалық емес шарттарының нашарлау үрдісінің жалғасуы ↓

Теңгемен несиелендірудің нақты және қабылдауға болатын пайыздық мөлшерлеме арасындағы алшақтық жоғары болып қалуда ↓

Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін және өндірістің тиімділігін бағалау

Өндірістік қуат көзін қосу ұлғайды ↑

Өндіріс көлемі төмендеу аясында тұр ↓

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі ұлғайды ↑

Валюта бағамы өзгерістерінің ықпалы

Теңге бағамының USD, EURO және RR-ге өзгерісінің теріс ықпалын көрсететін кәсіпорындардың үлесі шұғыл өсті ↓

↑ - оң өзгерісі ↓ - теріс өзгерісі


ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ


Тұтастай алғанда нақты сектор бойынша 2015 жылғы 3-тоқсанда сұраныстың (диффузиялық индекс (ДИ) төмендеуінің жалғасуы байқалды, яғни кәсіпорындар жауаптарының балансы 2015 жылғы 2-тоқсандағы 43,8 -пен салыстырғанда 42,9 тең. Тауарлар мен қызметтер көрсету саласындағы сұраныс 2015 жылғы 3-тоқсанда төмендеді (тиісінше 46,5 және 39,1 дейін). Тау кен және өңдеуші салаларда дайын өнімге сұраныс сондай-ақ төмендеуін жалғастырды (ДИ тиісінше 45,3 және 43,5 құрады).


Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2014ж.				2015ж.			
Кәсіпорындар жауаптары, %		1тоқ.	2тоқ.	3тоқ.	4тоқ.	1тоқ.	2тоқ.	3тоқ.	4тоқ. (күтім)
Ұлғаюы	1	13,1	23,2	21,6	17,4	9,8	23,1	22,1	16,8
Өзгермеуі	2	57,8	57,1	60,0	56,6	43,1	46,0	47,2	36,2
Төмендеуі	3	29,1	19,7	18,5	26,0	47,1	30,8	30,6	22,1
ДИ = 1жол+0,5*2жол	4	42,0	51,8	51,6	45,7	31,4	46,1	45,7	47,3
ДИ маусымдық тазартылған*	5	**47,0**	**48,9**	**48,7**	**45,5**	**35,9**	**43,8**	**42,9**	**46,8**

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*








*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ


Дайын өнімге бағалар: 2015 жылғы 3-тоқсанда нақты сектордағы бағалар өсу аясына көшті (ДИ = 59,5, 2015 жылғы 2-тоқсанда - 47,2). Өндіруші салада 2015 жылғы 3-тоқсанда бағалардың төмендеуі жалғасты (ДИ = 48,8), ал өңдеуші салада – өсу аясына көшті. Шикізат пен материалдар бағасы, әсіресе құрылыста, жоғары болып отыр (ДИ = 81,5).


Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*








*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ


2015 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар өндірісінің көлемінің төмендеуі жалғасты (ДИ = 47,2). 2015 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың өндіріс көлемі баяулауының жалғасуын күтеді (ДИ = 47,4).

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерін іске қосу деңгейі ұлғайды: өндірістік қуаттарды ең жоғары іске қосуы бар кәсіпорындардың үлесі өзгерген жоқ және 14,1%-ды құрады, өндірістік қуаттарды іске қосу 50%-дан төмен кәсіпорындардың үлесі 33,1%-ға дейін төмендеді.

ДИ* өндіріс көлемінің өзгеруі



Өндірістік қуат көздерін қосу деңгейі (% жауаптар)





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді


БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2015 жылғы 3-тоқсанда нақты сектор компанияларының құрылымында қысқа мерзімді активтердің үлесі 2015 жылғы 2-тоқсандағы 32,4%-дан 33,1%-ға дейін өсті. Қысқа мерзімді активтердің құрылымында қысқа мерзімді дебиторлық берешектің үлесі 2015 жылғы 2-тоқсандағы 44,2%-дан 2015 жылғы 3-тоқсанда 44,0%-ға дейін төмендеді.

Активтер мен айналым қаражатының айналысы тиісінше 16,7% бен 50,4%-ға дейін ұлғайды. Активтердегі айнылым қаражатының үлесі де өсті (33,1%-ға дейін).








БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР


Пассивтер құрылымында меншікті капиталдың үлесі 53,3%-дан 51,7%-ға дейін азайды. Компанияның меншікті капиталы үлесінің азаюы қарыз алулармен өтелді: қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі 2015 жылғы 2-тоқсандағы 22,5%-дан 2015 жылғы 3-тоқсанда 22,9%-ға дейін ұлғайды, ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесі 25,3% -ға дейін өсті (2015 жылдың 2- тоқсандағы 24,2%-дан). Мерзімі өткен міндеттемелері бар кәсіпорындардың үлесі азайды.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі 2015 жылғы 2-тоқсандағы 54,4%-дан 2015 жылғы 3-тоқсанда 51,3%-ға дейін азайды. 2015 жылғы 3-тоқсанда мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешектері бар кәсіпорындардың үлестері тиісінше 30,2% және 22,5% болды. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымында банктердің ұзақ мерзімді қарыздарының үлесі 2015 жылғы 2-тоқсандағы 44,2%-дан 2015 жылғы 3-тоқсанда 44,1%-ға азайды.


Пассивтер құрылымы




Мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі



Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымы



Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымы




БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі 2015 жылғы 3-тоқсанда жақсарды: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі 32,1%-ға дейін төмендеді, бұл мақсатта өзінің қаражатын және банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 64,2% және 5,2%-ға дейін өсті. Мемлекеттік бағдарламалар шегінде кредит алған кәсіпорындардың үлесі 1,1% болды.


Айналым қаражатын толықтыру үшін банктердің кредиттерін пайдаланатын кәсіпорындардың саны 2015 жылғы 3-тоқсанда азайды (17,2%-ға дейін). Мемлекеттік бағдарламалар шегінде айналым қаражатын қаржыландыру үшін кредиттерді алған кәсіпорындардың үлесі 2,3% болды. Көптеген кәсіпорындар (84,2%) бұл мақсат үшін өз қаражатын пайдаланады.

2015 жылғы 3-тоқсанда борыштық жүктемесі ұлғайған кәсіпорындардың үлесі өсті (2015 жылғы 2-тоқсандағы 41,2%-дан 46,7%-ға дейін), кәсіпорындардың міндеттемелерінде банктер қарыздарының үлесі 44,7%-ға дейін азайған.

Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көздері




Айналым қаражатын қаржыландыру көздері




ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

Кәсіпорындар өндірісі тиімділігінің көрсеткіштері 2015 жылғы 3-тоқсанда бұрынғы деңгейде қалды. Өндіріс көлемін азайтпаған кәсіпорындардың үлесі 68,5%-ды құрады. Кәсіпорындардың 62,6%-ы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санын төмендетпеді.

2015 жылғы 3-тоқсанда нақты сектор кәсіпорындарының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті өзгерген жоқ (1,4). Төмен өтімділік көрсеткіші (КТЛ<1) бар кәсіпорындар үлесі 36,0%-ды құрады, ал жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті өзгерген жоқ (2,1).







ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

Нақты сектор бойынша сатылымдардың рентабельділігі (салық салғанға дейін) өзгерген жоқ – 23,5% (2015 жылғы 2-тоқсанда 32,0%), оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде сатылымдардың рентабельділігі 47,0%-ға дейін азайды (2015 жылғы 2-тоқсанда 53,7%), ал өңдеу саласындағы рентабельділік 29,3%-ға дейін (2015 жылғы 2-тоқсандағы 24,1%-дан) өсті.

2015 жылғы 3-тоқсанда шығынға ұшырағыш және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 23,0%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 2-тоқсандағы 24,2%-дан). Рентабельділігі орташа кәсіпорындардың үлесі 43,3%-ға дейін ұлғайды (2015 жылғы 2-тоқсандағы 42,1%-дан), алайда рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі азайды (2015 жылғы 2-тоқсанда 33,8%-дан 33,6%-ға дейін).








БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 3-тоқсанда жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне қажеттілігі төмендеді: 2015 жылғы 4-тоқсанда кредит алуға ниет білдіріп отырған кәсіпорындардың үлесі 19,0% болды. Кредиттерге ең көп қажеттілік – өңдеу саласындағы кәсіпорындарда (26,7%). Тау-кен өнеркәсібінде кредиттерге қажеттілік 14,4%-ға дейін азайды.

2015 жылғы 3-тоқсанда банкке кредит алуға өтініш білдірген кәсіпорындардың үлесі төмендеді (2015 жылғы 2 тоқсандағы 26,4%-дан 25,5%-ға дейін). Бұл ретте, кредит алған кәсіпорындардың үлесі (оның ішінде бұрын ашылған кредиттік желі бойынша кезекті транш алған) 18,9%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы 2 тоқсанда - 20,0%). Несие беруден бас тартылған кәсіпорындардың үлесі 6,6%-ға дейін өсті (2015 жылғы 2 тоқсандағы 6,4%-дан). Кредиттерге қол жетімділік ірі кәсіпорындар үшін төмендеді.








* Бұрын ашылған кредиттік линия бойынша кезекті транш алған кәсіпорындарды ескере отырып

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ


2015 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар айналымдағы және негізгі қаражатты кредиттеудің бағалық (кредит бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (кредиттің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарының нашарлауының жалғасуын атап көрсетуде.

2015 жылғы 3-тоқсанда теңгемен кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жылдық 13,2%-ға төмендеді (2015 жылғы 2-тоқсанда 13,3%). Теңгемен кредиттеудің нақты пайыздық мөлшерлемесі мен кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы алшақтық жоғары деңгейінде қалды: қолайлы пайыздық мөлшерлемелер жылдық 8,9% деңгейінде қалды. Теңгемен кредиттеудің нақты мерзімі өткен тоқсанмен салыстырғанда бір айға ұлғайды және 25 ай болды, кәсіпорындар үшін кредиттеудің қолайлы мерзімі – 32 ай. Шетел валютасымен кредиттеу мөлшерлемесінің деңгейі 9,2%- ға дейін өсті, кәсіпорындар үшін қолайлы мөлшерлемелер деңгейі 5,9%- ға дейін төмендеді. Шетел валютасымен кредиттеудің нақты мерзімі - 36 ай, қолайлысы - 37 ай. (2015 жылғы 2-тоқсанда: тиісінше 32 және 35).

Несиелеу талаптарының өзгеруі



Кредиттер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың банктердегі кредиттері бойынша борышы өсті: ДИ= 51,5. Кәсіпорындардың активтері 52,2-ге дейін ұлғайды (2015 жылғы 2-тоқсандағы 49,7-ден), меншік капиталы төмендеді: ДИ = 47,0 (2015 жылғы 2-тоқсанда 49,8).

2015 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемдері төмендеді (ДИ = 49,9). Ірі кәсіпорындар да банктердегі депозиттер көлемдерін 49,5-ке дейін төмендеді (2015 жылғы 2- тоқсандағы 51,6-дан). Кәсіпорындар 2015 жылғы 4-тоқсанда депозит көлемдерінің одан әрі төмендеуін күтуде.







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2015 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша экономиканың нақты секторындағы пікіртерім валюта бағамының теріс әсерін сезген кәсіпорындар үлесінің күрт артуын көрсетті. Бұл өзгеріс 2015 жылдың 20 тамыздағы еркін айналмалы айырбас бағамы режимге көшуіне байланысты болды. 2015 жылғы 3-тоқсанда 2015 жылғы 2- тоқсанымен салыстырғанда теңге бағамының АҚШ долларына өзгеруі шаруашылық қызметіне жағымсыз әсерін сезген кәсіпорындар саны екі есе артты (23%-дан 61,0%-ға дейін). Теңге бағамының еуро мен ресей рубліне өзгеруінен өз қызметіне теріс әсерін тиісінше кәсіпорындардың 36,1% бен 48,2%-ы атап өтті.

2015 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындардың шет ел валютасын қолданудың үлестірілуі АҚШ долларын және еуроны шет ел серіктестерімен пайдаланатын кәсіпорындардың шамалы артуын алмағанда өзгеріссіз қалды .





* Жалпы экономика бойынша

КОМПОЗИТНЫЙ ИНДИКАТОР

2015 жылдың 3- тоқсанында нақты сектордағы кәсіпорындардың конънктуралық зерттеу нәтижелері экономикалық өсу қарқындарының төмен қарқындарын көрсетуде, бұны композиттік индикатор (КИ) бейнелейді.

Өткен тоқсанға қарағанда көрсеткіштің шамалы жақсаруына қарамастан (-0,95), 2015 жылдың 3-тоқсанында КИ ұзақ мерзімді трендімен салыстырғанда (нөлдік белгі) төмендеу аясында қалып отыр және (-0,77)-ні құрды.


Мұнай мен металдың әлемдік бағаларының айтарлықтай төмендеуі, Қытай экономикасының өсу қарқынының баяулауы мен Ресейдің экономикалық белсенділігінің төмендеуі есебінен сыртқы сұраныстың қысқаруы экономикалық өсудің баяулауының және сауда ахуалы нашарлауының сыртқы факторлары болып табылады. Тұтынушылық кредиттердің жоғары құны (2015 жылғы қыркүйегінде 17%) мен халық кірістері өсуінің баяулауы ІЖӨ-нің өсу қарқыны төмендеуінің ішкі факторы болып табылатын тұтынушылық сұраныстың баяулауына әкеп соқты.

Кәсіпорындар басшыларының пікірінше, дайын өнімге сұраныстың төмендеуі олардың қызметіне және КИ-ға теріс әсерін тигізген негізгі факторларының бірі болып табылады.

Сұраныстың ең үлкен құлдырауын сауда саласының кәсіпорындары атап өтті. Еркін айналмалы айырбас бағамы режиміне көшуінен кейін сұхбат берушілердің көбісі теңге бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметке теріс әсерін бастан кешірді. Экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, соның ішінде 2015 жылдың 3-тоқсанында 2015 жылдың 1 тоқсанында болған ресей рублінің бәсеңдеуі мен бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуынан болған қиыншылықтардан кейін рентабельділігінің өсуін көрсеткен өңдеу өнерәсібінің кәсіпорын қолдау, нақты секторға оң әсерін тигізді. Бұдан басқа, мемлекеттік бағдарламалар шегінде несие алған кәсіпорындардың үлесі артты.

Іскерлік көңілдер зерттеулері 2015 жылдың 4-тоқсанында КИ 0,13- ке тең болатын экономикалық белсенділіктің потенциалды жақсаруын көрсетуде. Дайын өнімді шығаратын кәсіпорындар тұтынушылық сұраныстың артуын күтуде. Күтілімдердің жақсаруы девальвациялық күтулермен және үй шаруашылықтарының сатып алуды молынан жасауға тырысуымен түсіндіруге болады. Бұдан басқа, қысқы мейрамдардың жақындауы халықтың тұтынушылық сұранысына оң әсерін тигізуі мүмкін.

Жалпы алғанда, сыртқы факторлардың теріс ықпал етуі (Қазақстанның сауда әріптестері елдердегі (Ресей, Қытай) экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуі), сондай-ақ ұлттық валюта бағамы төмендеуінің тұтынушылық сұранысқа қысым жасауы жағдайында экономикалық белсенділіктің одан әрі баяулауы күтілуде.



* Показатели КИ за 4 квартал 2015 года рассчитываются на основе ожиданий предприятий реального сектора, принимающих участие в опросе.

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасы сипатталатын қорытылған индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс мәнді білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің кредиттері бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда тиімді ретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындарды іріктеу бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (сондай-ақ есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Композиттік индикатордың (КИ) нақты ІЖӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ІЖӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай құрамы бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

1) Жалпы экономика бойынша дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і

2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісі,
- шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісі; -

3) инвестициялық және кредиттік белсенділіктіің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- негізгі құралдарды қаржыландыру үшін кредит алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаны қоса алғанда),
- меншікті қаражат пен банктердің кредиттерінен бөлек басқа көздер есебінен негізгі және айналмалы құралдарды қаржыландырылған кәсіпорындардың үлесі;
- кредит алған кәсіпорындардың үлесі,
- кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
- теңгедегі және шетел валютасындағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;

4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендеген кәсіпорындардың үлесі;

5) жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың ағымдағы өтімділік коэффициенті мен сатылымдардың рентабельділік көрсеткіштері.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және стратегиялық
талдау департаменті